

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының аумағындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 10 маусымдағы № 101-ө өкімі

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының аумағында 2022 жылғы 10 маусымда болған аварияны тергеп-тексеру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қарағанды облысындағы "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының аумағындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, аварияның себептерін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Юрий Викторович Ильин аварияның себептерін тергеп-тексеру нәтижелері және келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 10 маусымдағы
№ 101-ө өкіміне
қосымша

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының аумағындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Ильин Юрий Викторович	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Комиссия төрағасы
Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	-	Қарағанды облысының әкімі, Комиссия төрағасының орынбасары
Әділов Санжар Әскенұлы	-	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Тергеу департаментінің бастығы
		Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі

Мақажанов Нығмеджан Қойшыбайұлы	-	Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы
Жолмағамбетов Тұрар Бибітұлы	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары
Оспанқұлов Төлеген Қапақұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті төрағасының орынбасары
Дүйсенов Азамат Қинаятұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры
Есенеев Кеңгірбай Әлиакпарұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары
Яблонский Владимир Иванович	-	"АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі директоры (келісу бойынша)
Ғазизов Данияр Күнтасұлы	-	"Семсер өрт сөндіруші" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісу бойынша)